

КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ 1994 жылғы 5 мамырдағы N 482 ҚАУЛЫСЫ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Көмір өнеркәсібінің қаржы-экономикалық жағдайын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 1 мамырдан бастап көмір өнеркәсібінің кәсіпорындары көмірді өндіріс шығындарына қарай анықталатын еркін (уағдаластық) баға бойынша с а т у д ы жү з е г е а с ы р с ы н .

Көмірдің еркін бағасы жөнелткен франко-стансаның шарттары негізінде а н ы қ т а л а д ы д е п б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.03.05. N 280 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: көмір өндіруші бірлестіктер мен шахта құрылысы комбинаттарына 1994 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша бюджетке төлемдердің барлық түрінің, айлықақыдан алынатын табыс салығынан және жергілікті бюджетке аударымнан басқа, мерзімін 1994 жылғы 1 қазанға дейін кейінге қалдырсын;

"Қарағандыкөмір" өндіріс бірлестігі 1994 жылғы ақпанда 150 млн. теңге мөлшерінде және "Екібастұзкөмір" өндіріс бірлестігі 1994 жылы желтоқсанда және 1994 жылғы ақпанда 50 млн. теңге мөлшерінде алған несиесін өтеу мерзімін 1994 жылғы 1 қыркүйекке дейін ұзартсын;

1994 жылғы 16 наурызда "Қарағандыкөмір" өндіріс бірлестігінің "Ақтас" шахтасындағы аварияны жою кезінде қаза тапқан әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімі жауынгерлерінің отбасыларына материалдық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қорынан 8 млн. теңге м о л ш е р і н д е қ а р а ж а т б о л с і н ;

көмірдің экспортына салынатын салық және валюта қаржысының бір бөлігі міндетті түрде сату мерзімін ұзарту туралы республика Заңының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

3. Қарағанды облысы әкімінің, "Қарағандыкөмір" өндіріс бірлестігі және Көміршілер кәсіподағы орталық комитетінің 1994 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша осы бірлестіктің құрамына кіретін "Қарағандыкөмір" өндіріс

бірлестігінің кәсіпорындары мен құрылымдық бөлімшелердің негізінде "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы ұсынысы қ ұ п т а л с ы н .

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясын белгіленген тәртіп бойынша құратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, "Қарағандыкөмір" және "Екібастұзкөмір" өндіріс бірлестіктері 1994-2000 жылдары көмір өндіру мен оны ұқсатудың өзіндік құны жөніндегі шығынды азайту бағдарламасын бір ай мерзімде әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің келісуі бойынша бекітсін, сондай-ақ 1994-1995 жылдары объектілерді салу бағдарламасы мен көмір өндіруге және оны ұқсатуға байланысты емес өзге де қаржы шығындарын қайта қарасын.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті инспекторлық құрамға арналған қазіргі жеңілдіктерді сақтай отырып Мемкенқадағалаукомның жергілікті органдарын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " Мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы туралы " 1994 жылғы 23 наурыздағы N 293 қаулысына (N 2 кесте) сәйкес еңбекақы төлеуге көшіру туралы мәселені Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен және Қаржы министрлігімен пысықтайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, Еңбек министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетімен, басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып, 1994 жылғы 16 наурызда "Ақтас" шахтасындағы аварияны жою кезінде әскерлендірілген тау-кен құтқару бөлімі жауынгерлерінің қаза табу жағдаятын қарастырсын және кен өндірісінде қауіпсіздікті арттыру жөнінде шұғыл шаралар қолданылғаны туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

7. Салалық тау-кен бөлімдері туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуді жеделдету орынды болады деп саналсын.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне 1994 жылғы II тоқсанда "Қарағандыкөмір" және "Екібастұзкөмір" өндіріс бірлестіктеріне айлықақы төлеуге арнап алты ай ішінде өтеу мерзімімен тиісінше 150 млн. теңге және 50 млн. теңге мөлшерінде басым тәртіппен мақсатты кредит бөлуді қарастыру ұ с ы н ы л с ы н .

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік министрлігімен бірлесе отырып 1994 жылғы 1 маусымға дейін республика тұтынушыларына Қазақстан Республикасы шегінде көмір тасуға арналған жеңілдікті темір жол тарифтерін енгізу туралы мәселені п ы с ы қ т а й т ы н б о л с ы н .

10. "Қарағандыкөмір" және "Екібастұзкөмір" өндіріс бірлестіктері мен шахта құрылысы комбинаттары Украинамен және Ресеймен тауар айырбасы шарттары негізінде жасалатын клирингтік операцияларының тізбесіне енгізу үшін жабдықтар мен материалдық-техникалық ресурстардың тізімін Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен Экономика министрлігіне табыс етсін.

11. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия ресурстарының бағасын ырықтандыру және жекелеген қызмет түрлерінің тарифтерін реттеу туралы" 1994 жылғы 23 наурыздағы N 288 қаулысына N 1 қосымшаның көмірдің бағасына қатысты бөлігінің күші 1994 жылғы 1 мамырдан б а с т а п ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

12. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Ә.М.Қажыгелдинге жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі